



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2023 жылғы IV тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша - кредит саясаты департаменті

Жалпы ақпарат

I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

Қорытынды

Пікіртерім жөніндегі мәлімет


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2023 жылғы 4-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3386

Іріктеме туралы мәлімет

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 216
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 764
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 324
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 933
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 269
Ауыл шаруашылығы	➤ 188

Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ **2694**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



Тау-кен өндіру өнеркәсібі бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындармен (66,2%) ұсынылған, олардың ішінде ең көп үлес мұнай мен табиғи газды, металл кендерін өндіру кәсіпорындарына, сондай-ақ салада техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындарға тиесілі.

Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі және орта кәсіпорындар салада пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың жалпы санының 60,1%-ын құрайды. Салада ең үлкен көлемді металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары өндіреді.

Ауыл шаруашылығы мен құрылыста да ірі және орта кәсіпорындар басым (тиісінше 61,7% және 60,5%).

Көлік пен қоймада сақтауда іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан (47,6%) тұрады, олардың көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің тізілімінен көптеген кәсіпорындар бар.


Саудада іріктемедегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, жалпы жиынтықта сияқты, жоғары емес (23,5%).

2023 жылғы 4-тоқсанда саудада, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында бәсекелестіктің маңыздылығы артты.

Сауда нарықтық бәсекелестік мейлінше әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың 40,3%-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінеді.

Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі 36,9%, көлікте және қоймада сақтауда – 28,3%, ауыл шаруашылығында – 23,4%, құрылыста – 21,0%, ал тау-кен өндіру өнеркәсібінде 15,7%-дан болды.


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2023 жылғы 4-тоқсанда көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша **Қазақстан экономикасының жай-күйі** бизнесті жүргізудегі негізгі кедергі болды.

Сауда және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары үшін **нарықтық бәсекелестік** басты қиындық болады. Көбінесе тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыс кәсіпорындары үшін **салық ауыртпалығының деңгейі**, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін **білікті кадрлардың жетіспеушілігі** кедергі болып табылады.

Келесі 12 айда барлық сала бойынша қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте қаржыландырудың ең көп ұлғаюы көлік пен қоймада сақтауда жоспарлануда. Инвестициялардың ең көп қысқаруы – құрылыста, ең азы саудада күтілуде. **Кәсіпорындардың меншікті қаражаты** бұрынғыдай қаржыландырудың негізгі көзі болуда.


5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда пайдаланылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары қалуда (ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда – Ресей рублі мен еуро басым). Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда басым (АҚШ доллары басым).

Теңгені 2023 жылғы 4-тоқсанда ең көп өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары пайдаланды – 20,4%.

6-график. Теңгенің Ресей рубліне қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)




7-график. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2023 жылғы 4-тоқсанда теңге бағамының **Ресей рубліне қатысты** өзгеруінің теріс әсері көлік пен қоймада сақтау, сондай-ақ құрылыс салаларынан басқа барлық саладағы кәсіпорындары үшін шамалы артты. Теңге бағамының **АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері ауыл шаруашылығынан басқа барлық саладағы кәсіпорындар үшін **аздап жеңілдеді**.

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	18,0	5,5	5,5	2,2
Өңдеу өнеркәсібі	16,7	11,0	5,7	3,3
Құрылыс	19,6	7,3	4,2	3,5
Сауда	18,5	8,4	5,4	3,7
Көлік және қоймада сақтау	18,5	6,4	6,4	3,3
Ауыл шаруашылығы	16,8	6,6	0,0	3,1


9-график. 2023 жылғы 4-тоқсанда және 2024 жылғы 1-тоқсанда кредит алуды көздеген кәсіпорындар, %




2023 жылғы 4-тоқсанда тек тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі салаларында ғана банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі ұлғайды. Кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың ең көп саны өңдеу өнеркәсібіне (17,5%-дан), ал ең аз саны көлік және қоймада сақтау саласына (14,5%) тиесілі.

Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлемелер құрылыс саласында (19,6%), ал шетел валютасында – көлік пен қоймада сақтау саласында (6,4%) байқалды. 2024 жылғы 4-тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (23,8%), ал ең аз үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібіне (8,3%) тиесілі.


10-график. Орташа салмақтанған* кредиттік жүктеме**, %



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен*** қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2023 жылғы 4-тоқсанда құрылыс саласындағы орташа алынған кредиттік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы саласында (6,9%) байқалды.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салаларда ұлғайды.

2023 жылғы 4-тоқсанда барлық салалардағы пікіртерімге қатысқан 18 кәсіпорынға кредит беруден бас тартылды.




*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні
 ** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100
 *** 90 күннен астам

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс — Дайын өнім бағасы — Шикізат бағасы

2023 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс пен ауыл шаруашылығы салаларында дайын өнімге сұраныс артқаны байқалды. 2024 жылғы 1-тоқсанда тау-кен өндіру және ауыл шаруашылығынан (шамалы баяулау) басқа барлық салаларда сұраныспен байланысты жағдай жақсаруы күтілуде.


2023 жылғы 4-тоқсанда шикізат пен материалдардың бағасы өсуінің баяулауы құрылыс саласында ғана байқалды. Сонымен қатар, көлік пен қоймада сақтауды, сауданы қоспағанда, барлық салаларда дайын өнімнің бағасы өсуі баяулады. 2024 жылғы 1-тоқсанда барлық салаларда шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтілуде, ал ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда, дайын өнімнің бағасы өсу қарқыны да баяулайды.

*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

** 2024 жылғы 1-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі*, %



2023 жылғы 4 тоқсанда өңдеу өнеркәсібі, сауда, көлік және қоймада сақтау салаларында өндірістік қуаттың орташа өлшемді жүктемесі (ӨҚЖ) төмендеді. Тау-кен өнеркәсібіндегі жағдай өте жақсы, мұнда ӨҚЖ (ӨҚЖ>=90%) барынша жоғары кәсіпорындар үлесі басқа салаларға қарағанда көп, ал ӨҚЖ (ӨҚЖ<50%) төмен кәсіпорындар үлесі басқаларға қарағанда аз.

ӨҚЖ-ның өте жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде (60,8%) болды.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2023 жылғы 4-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



* Орташа өлшемді өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.

** Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**, %	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,40	1,56	0,20	39,4	0,51	51,9
Өңдеу өнеркәсібі	1,48	1,53	0,25	22,0	0,41	64,0
Құрылыс	1,09	1,18	0,34	20,5	0,21	69,5
Сауда	1,24	1,34	0,43	21,7	0,30	82,0
Көлік және қоймада сақтау	1,16	1,70	0,19	25,1	0,56	37,2
Ауыл шаруашылығы	1,65	1,34	0,09	8,1	0,45	42,1

2023 жылғы 4 тоқсанда кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай қалыптасты:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өтімділігі барынша жоғары (**АӨК=1,65**);
- көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті болып табылады (**ЖТҚК=1,70**);
- саудадағы іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,43**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары ең тиімді (**СР=39,4%**), ал ауыл шаруашылығы (**СР=8,1%**) аса тиімді емес болып қалуда;
- көлік және қоймада сақтау кәсіпорындарының өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары (**ӨҚК=0,56**);
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ=82,0%**).

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары


	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


** Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Тау-кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қоймада сақтау — Ауыл шаруашылығы

2023 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, сауда және ауыл шаруашылығы салаларында ғана кәсіпорындардың **қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу** қабілеті **жақсарды** (АӨК ұлғайды). Тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда іскерлік белсенділік ұлғайғаны байқалды (ААК ұлғайды).


Өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі тек құрылыста төмендеді. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (ЖТҚК) өңдеу өнеркәсібінде, құрылыста және саудада артты.

* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


** Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (12-бет)

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сатудың орташа рентабельділігі*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



27-график. Қаржылық жылды пайдамен/зиянмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2023 жылғы 4-тоқсанда сатудың рентабельділігі (салық салынғанға дейін және сыйақы мен амортизация бойынша шығыс шегерілгенге дейін) барлық салаларда төмендеді. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі сатылымның рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын **зиянмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі ауыл шаруашылығында жоғары (20,7%).

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі (53,9%) және сауда (52,6%) салаларының бағалауы барынша оптимистік түрде.


Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды зиянмен аяқтауды күткендерге қарағанда пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі көбірек.

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық


Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысу бойынша мерзімі өткен берешек жағдайы өзгерді. 2023 жылғы 4-тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар (22,9%-дан 23,7%-ға дейін) және мерзімі өткен **кредиторлық берешегі** бар (21,4%-дан 21,6%-ға дейін) кәсіпорындардың үлесі ұлғайды.

Көлік пен қоймада сақтаудан басқа барлық салаларда мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **ұлғайды**. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі ауыл шаруашылығы, сауда және өңдеу өнеркәсібі салаларында **ұлғайды**. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп саны тау-кен өндіру өнеркәсібіне тиесілі (тиісінше 30,1% және 30,6%).

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі¹, ДИ²



31-график. Қызметкерлер санының өзгерісі³, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі⁴, %



2023 жылғы 4-тоқсанда өндіріс көлемінің сауда және ауыл шаруашылығы салаларында ғана төмендегені байқалды. 2024 жылғы 1-тоқсанда барлық салаларда өндіріс көлемі өсуі күтілуде. Барлық салаларда жұмыспен қамтылғандар саны ұлғайды. 2023 жылғы 4-тоқсанда ауыл шаруашылығынан, көліктен және қоймада сақтаудан басқа барлық салаларда өз қызметкерлерінің жалақысын төмендеткен кәсіпорындардың саны артты. 2024 жылғы 1-тоқсанда жалақымен байланысты жағдай құрылыс пен ауыл шаруашылығынан басқа барлық салаларда жақсарады.

¹ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

² ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

* Графиктерде 2024 жылдың 1-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

³ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібінен басқа)

⁴ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібін және құрылыстыңан басқа)

- **Бәсекелестіктің ең жоғары деңгейі әлі де саудада сақталуда.**
- Кәсіпорындардың көпшілігі **Қазақстан экономикасының жай-күйін** бизнесті жүргізудегі негізгі кедергі деп көрсетуде.
- 2023 жылғы 4-тоқсанда теңге бағамының **Ресей рубліне қатысты** өзгеруінің теріс әсері көлік және қоймада сақтау, сондай-ақ сауда салаларынан басқа барлық саладағы кәсіпорындар үшін шамалы ұлғайды. Теңге бағамының **АҚШ долларына қатысты** өзгеруінің теріс әсері ауыл шаруашылығынан басқа барлық саладағы кәсіпорындар үшін **шамалы жеңілдеді**.
- Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары қалуда (ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда – Ресей рублі мен Еуро басым). Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда басым (АҚШ доллары басым).
- 2023 жылғы 4-тоқсанда сауда және ауыл шаруашылығы салаларында ғана өндіріс **көлемі** төмендегені байқалды. 2024 жылғы 1-тоқсанда барлық салаларда өндіріс көлемі өсуі күтілуде.
- Өндеу өнеркәсібі, сауда, көлік және қоймада сақтау салаларында **өндірістік қуаттардың орташа өлшенген жүктемесі** төмендеді. **Өндірістік қуаттарды жүктеудің** ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталуда (60,8%).
- Тау-кен өндіру өнеркәсібі, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларында **дайын өнімге сұраныс** артқаны байқалды.
- 2023 жылғы 4-тоқсанда **сатылым рентабельділігі** барлық салаларда төмендеді. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сатылым рентабельділігі басқа салаларға қарағанда едәуір жоғары.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі бар (22,9%-дан 23,7%-ға дейін)** және мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі (21,4%-дан 21,6%-ға дейін) артты.
- 2023 жылғы 4-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсуі баяулауы құрылыс саласында ғана байқалды. Көлік пен қоймада сақтау, сауда салаларын қоспағанда, барлық салаларда **дайын өнімнің бағасы** өсуі баяулады.
- 2024 жылғы 1-тоқсанда барлық салаларда **шикізат пен материалдардың бағасы** өсуінің қарқыны баяулауы күтіледі, ал ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда, **дайын өнімнің бағасы** өсуінің қарқыны да баяулады.